




«Ақ жол саған, жас түлек!»  
 Университетте диплом тапсыру салтанатты шарасы өтті  
 – 4-6 беттерде



Атырау аумағындағы 1921-1923 жылдардағы халық қозғалыстары – 7 бет



“Kids university” жазғы лагери қайта ашылып, балаларды қуантты  
 – 8 бет

# АТЫРАУ UNIVERSITY

Газет 2000 жылдың  
сәуір айынан шығады

# Университет

Х.ДОСМУХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАСЫЛЫМЫ  
 ИЗДАНИЕ АТЫРАУСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. Х.ДОСМУХАМЕДОВА

№4 (118)  
 Шілде, 2022 жыл



- Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде талапкерлерді оқуға қабылдау науқаны басталды.
- Оқуға қабылдау және кеңес беру үшін университет базасында қабылдау комиссиясы жасақталып, сіздерді сағат 9:00 ден 18:00-ге дейін қабылдайды. Түскі үзіліс уақыты 13:00 мен 14:00 аралығында
- Сонымен қатар, сенбі күні сағат 9:00 ден 14:00-ге дейін қабылдайды.
- Туындаған сұрақтар бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу және кеңес беру үшін Call center жұмыс істейді +7 (7122) 276321, +77013526425
- Құрметті талапкерлер Сіздерді Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетіне шақырамыз!
- Болашағыңды бізбен бірге баста!

**АТЫРАУ UNIVERSITY**

**Білім беру грант конкурсына құжатты ОНЛАЙН тапсырады**

1. Электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) (талалар 18-ге толмаған жағдайда ата-анасында болу керек);
2. Жеке куәлік;
3. Аттестат/диплом қосымшасымен;
4. 3\*4 фото;
5. 075У – формадағы медициналық анықтама;
6. Ведомосінен үнінд (педагогикалық мамандықтар үшін);
7. Жөл балалы/толық емес отбасынан және тағы басқа түрі әлеуметтік топтарға жататынын растайтын құжаттар (талалардың және оның бауырларының туу туралы куәлігі, ажырасқандығы, қайтыс болғандығы туралы анықтама және т.с.с.)

**АТЫРАУ UNIVERSITY**

**«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР»** білім беру саласы бойынша оқуға түсушілерге арналған арнайы емтихан

Педагогикалық мамандықтарға түсушілерге арнайы (педагогикалық) емтиханды тапсыру қажет.

**ЕМТИХАН ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІ:**

2022 жылдың 20 маусым мен 13 шілдеге дейін грант бөліміне  
 2022 жылдың 20 маусым мен 20 тамызға дейін ақылға бөліміне

**АРНАЙЫ (ПЕДАГОГИКАЛЫҚ) ЕМТИХАН КЕСТЕСІ:**  
 Дүйсенбі-жұма сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін  
 Сенбі сағат 9.00-ден 14.00-ге дейін

**ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТ:**  
 Жеке куәлік;  
 Емтихан өту форматы – ОФЛАЙН

**МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:**  
 Атырау қаласы, Студенттер даңғалы, құралыс 1

Қабылдау комиссиясының байланыс нөмерлері:  
 8 (7122) 27-63-21  
 8-778-319-65-35  
 8 701 869 06 20  
 8 701 352 64 25

**АТЫРАУ UNIVERSITY**

**Талапкер күнтізбесі БАКАЛАВРИАТ**

20.06.2022 бастап	Ақпарат оқуға мектеп, қоғамдық ұйымдармен, бірінші жолы білім беріп отырғандардан қабылдау
20.06.-07.07.	Шығармашылық емтихандарға өтініш қабылдау
08.07.-13.07.	Шығармашылық емтихандардың өткізу күндері
13.07.-20.07.	Мемлекеттік білім беру грантын тағайындау үшін конкурстық қатысушы үміткерлерден өтініш қабылдау мерзімі
05.08.-10.08.	Жергілікті атқару ұйымдарымен, Атырау облысы әкімдігінің қарамағындағы өкілетті білім беру гранттарын тағайындау конкурсына қатысушы үміткерлерден өтініш қабылдау мерзімі (ақпарат оқуға)
25.07.-03.08.	Екінші мәрте болатын УБТ-ға қатысу үшін өтініш тапсыру
10.08.-28.08.	Бакалавриаттық білім беру бағдарламаларына оқуға қабылдау мерзімі

**МАГИСТРАТУРА**

01.06.2022-15.07.2022 Кезеңдік тестілеуге қатысу үшін өтініш тапсыру күндері

**АТЫРАУ UNIVERSITY**

**2022-2023 оқу жылына**

**Ақылы оқуға ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАУ**

20 маусым мен 25 тамыз аралығында

8(7122) 276321 87013526425  
 87018690620 87783196535

## БІЛІМ МЕН БІРЛІК ҰШТАССА



Ләйла Қойшығұлова,  
Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректоры

Атақты ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген. Елімізде қашан да білім саласы мен қоса тәрбиелік мән-маңызы бар іс-шаралар – басты назарда. Осы орайда Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті жыл басынан бері студенттің бойына білімге негізделген этикалық құндылықтар мен өнер қуатын дарытатын тәрбиелік шараларға баса назар аударып келеді.

1. Атап айтсақ, оқу жылының басында сол кездегі еліміздегі эпидемиологиялық ахуалға байланысты университет студенттеріне арналған вакцина туралы ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында арнайы мамандармен кездесулер өткізілді. Одан бөлек, «Вакцина ал да ұтыс ойынына қатыс» акциясы өткізіліп, ұтыс ойынының нәтижесінде 50 студент жатақханаға орналасу үшін 50 пайыздық жеңілдік, 49 студент шет тілін үйрететін тегін курсқа қатысу жолдамасын ұтып алды. Ал 30 студент Нұр-Сұлтан қаласына тегін саяхаттайтын болды. Сондай-ақ, 3 студентке оқу ақысына 30, 50 және 100 пайыздық жеңілдік жасалып, 5 студент ноутбук иегері атанды.

2. Осы оқу жылынан бастап университетте психологиялық қызмет көрсету орталығы өз жұмысын бастады.

3. Оқу жылында Студенттік өзін-өзі басқару құрылымы жаңа құраммен өз жұмысын бастады. Студенттік өзін-өзі басқару құрылымы университетіміздің жанынан құрылған дарынды ер балаларға арналған «USTAZ» мектеп интернатымен бірлесіп, көптеген тәрбиелік іс-шаралар атқарды. Атап айтсақ, ҚР тұңғыш президенті күніне орай «Бір ел! Бір тағдыр! Бір Елбасы» атты студенттік шара, «Тұғыры биік – Тәуелсіздік» атты республикалық студенттер арасындағы пікірсайыс турнирі, 8 наурыз – халықаралық әйелдер күніне орай мерекелік концерт ұйымдастырды. Сондай-ақ, Студенттік өзін-өзі басқару құрылымы Ақтөбе қаласына жоспарланған батыс аймақтық «Батыс tour» жобасы бойынша іссапарға барып, университеттер арасында тәжірибе алмасты.

4. Университетімізде студенттерге рухани тәрбие беру, мәдениетін қалыптастыру мақсатында белгілі жазушы, қаламгер-журналист, ақын, сазгерлермен, қоғам қайраткерлерімен, тарихшы, филолог ғалымдармен және танымал спортшылар бірқатар кездесулер өтіп, мол тағылым бергенімен есте қалды.

5. Білім ордамыз спорт жағынан алдыңғы сатыда, оған дәлел Атырау университетінде Токио қаласында өткен паралимпиада жүлдегерлерімен кездесу өтті. Сондай-ақ, университетімізде алғаш рет батыс аймақтық студенттер лигасы өтті. КСРО рекордсмені, Еуропа Кубогінің иегері, Еуропа чемпионатының жүлдегері, КСРО еңбек сіңірген спорт шебері, Қазақ КСР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Әмин Тұяқовтың мерейлі 85 жасына арналған жеңіл атлетикалық жарыс өтті. Университеттің баскетболдан студенттер командасы Тараз қаласында өткен NSBL Ұлттық студенттер баскетбол лигасында чемпион атанды.

6. Сонымен қатар университетімізде «Халел ат.АУ» жайдарман тобы бар. Нұр-Сұлтан қаласында «Қазақстан КВН Одағы» РЖҚБ ұйымдастыруымен «Маусымашар-2022» ойындарында өз дәрежесінде өнер көрсетіп, Абай облысы Семей қаласында өтетін республикалық бірінші лига маусымына жолдама алды. «Маусымашар-2022» JCD фестиваліне «Халел құрамасы» қатысып, ұпай саны бойынша мәреде екінші болып, күзде жалғасатын ширек финалға жолдама алды.

7. Атырау университетінде «Біз жанбасақ» атты республикалық студенттер айтысы өтті. Дүбірлі додаға еліміздің түкпір түкпірінен жиналған 16 жас ақын қатысты.

8. Университет пікірсайыс турнирлерін жиі өткізіп тұрады. Атап айтсақ, «KEMEL ADAM», 11 сынып оқушылары арасында «Халел GRAND CUP» және де іш аралық пікірсайыс турнирлері өтті. «Халел GRAND CUP» пікірсайыс турнирі нәтижесінде жеңімпаздарға «Ректор гранты» табыс етілді.

9. Университетіміздің және «Мирасқор» қоғамдық қорының жетекшісі Амандық Есқалидің ұйымдастыруымен алғаш рет «Білгенге маржан» кітап оқу сайысы өтті. Сайысқа Атырау қаласының орта жастағы мектеп оқушыларымен қатар, университет студенттері де белсене қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

10. Балалар жылына орай «Kids university» атты жазғы лагері ұйымдастырылды. Онда жетпіске жуық бұлдіршін лагерь қатарына қабылданып, оны растайтын куәлік алды.

Алдағы оқу жылына да жоспарланған шаралар, қолға алынатын жаңа жобалар азы емес. «Бірлік бар жерде тірлік бар» десек, бар жұмысты бірлесе оң атқаратынымыз күмәнсіз.

## ОҚУ ЖЫЛЫНДА - ОҢ НӘТИЖЕЛЕР



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті оқу жылын жақсы табыстырмен аяқтады. Университет ғалымдары, филология ғылымдары докторы, профессор Қадыр Жүсіп пен ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Бақтыбек Таубаев «Каспий маңы академиясы» – «Прикаспийская академия» қоғамдық бірлестігінің толық мүшесі академик атағын иеленді! Ғалымдарға марапатты биылғы оқу жылын қорытындылаған ғылыми кеңесте Академия президенті, педагогика ғылымдары докторы, профессор Асхат Иманғалиев салтанатты түрде табыстады. Сондай-ақ, оқу жылының қорытындысымен бір топ әріптесіміз Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындары қауымдастығының Ахмет Байтұрсынов атындағы медалімен, «Үздік педагог», «Үздік менеджер» төсбелгілерімен марапатталды. Сонымен қатар, университеттің жаратылыстану және ауылшаруашылық ғылымдар факультетінің деканы, география, туризм және су ресурстары кафедрасының аға оқытушысы Ерлан Қабиев Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «6D060700-география» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясын университет жанындағы диссертациялық кеңесте сәтті қорғады.



## ҰСТАЗҒА АЛҒЫС

«Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға» деген ұлы Абай атамыз. Сіздердің жас ұрпақтың санасына енгізетін тәлім-тәрбие, үлгі-өнегелеріңіз өлшеусіз. Сіздер – жастардың болашағын айқындайсыздар, бүгін еккен дөңдеріңіз – ертеңгі жеңісті-жемісті күннің кешілі. Ұстаз болашақ азаматтарды ғана емес, бүкіл болашақ қоғамды қалыптастырады.

Осы орайда мен, өзіме сабақ берген сүйікті де аяулы ұстазым – Сәлима Қайыржанқызы Нұрмұқашеваға алғыс айтамын.

Сәлима Қайыржанқызы маған заң психологиясы, денсаулық психологиясы, саяси психология сынды түрлі пәндерден сабақ берді. Ұстазым тек теориялық жағынан айтып қана қоймай, жақсы әңгімелерімен, мысал, ақыл-кеңестерімен біздің жадымызға сабақты мықтап жеткізе білді. Кей жерлерде қателіктеріміз бен кемшілігімізді кешіріп, түзетіп, кеңдік танытып та отырды.

Сіздің төрт жыл бойы берген біліміңізге, психологиялық ақыл-кеңестеріңізге көп рақмет айтамыз. Ендігі жерде оны өмірлік жолымызда жаратып, ұстаздардың атына кір келтірмей, сенімін ақтау – бізге сын болмақ.

Жазира Болатова,

психология мамандығының 4 курс студенті



## АМАНДЫҚТА ЖОЛЫҒАЙЫҚ!

Міне, 4 жыл оқып, зымырап уақыт өтті. Қазақстанның оңтүстігінен «Серпін» бағдарламасымен география-тарих мамандығына білім іздеп, арман қуып Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетіне түсіп, бітіріп жатырмыз. Елдің бір өңірінен батысқа келіп, оқимыз деп ешқашан ойламаппыз. Атырауға келгені басымыздан неше түрлі қызықтар өтті. Әуел баста тілін, ерекшеліктерін қызық көріп жүрдік. Артынан өзіміз де әбден үйреніп кеттік.

Студенттік өміріміз өте қызықты өтті. Сабақты оқып, стипендия түскенде корпусқа жақын жердегі «Анвар» минимаркетінен азық-түлік алып, топ жігіттері болып отыратынбыз. Студенттік кездер-ай! Пандемия басталғанда кезекпен кезек ауырып, бір бірімізге қарайластық. Достық деген осы. Апайлар жағдайымызды сұрап, анамыздай алаңдайтын. Қазақстанның әр аймағынан болсақ та, бірлігіміз жарасқан қазақ елінің жігіттеріміз.

Қызық болғанда, диплом алуға дайындалып жүргенде әскерге барып, Отан алдындағы борышымызды өтеуге кетіп бара жатырмыз. Курстастарымызбен бір саханадан диплом алмасақ та, көңіліміз бір, тілегіміз ортақ.



Қазіргі кезде елді қорғайтын азаматтар да керек. Жаңаөзенде борышымызды өтеп келгеннен кейін келісім жылы амандықта жолығамыз деп күтеміз. Сүйікті университетімізге көп рахмет!

Тұрақов Арман

Орал Оразхан,

география-тарих мамандығы студенттері



## БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫС БЕРЕКЕЛІ БОЛМАҚ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде 28 маусым – БАҚ қызметкерлері мерекесіне орай өңірдегі ақпарат саласы өкілдері бас қосқан қосқан маңызы кездесу ұйымдастырылды. Қоғамдағы журналистиканың дамуы, оның заман ағымына сай дамуы талқыланған жиынға Атырау БАҚ өкілдері мен облыстық және қалалық баспасөз хатшылары, университеттің журналистика кафедрасының меңгерушісі және басқарма төрағасы – ректор Саламат Нұрмұханұлы қатысты. Оқу орнында теория мен практиканы ұштастырған дуалдық оқыту тәжірибесінің тиімді қолданылып келе жатқанын айтқан Саламат Нұрмұханұлы бұқаралық ақпарат құралдарында уни-

верситет қабырғасында өткен іс-шаралар, біздің ғалымдарымыздың еңбектері, түрлі салалардағы бірлескен жұмыстар жиі жарық көріп, насихатталып отырғанын атап өтті. Тек қана университет сайтындағы материалдар бойынша есептесек, 2021 жылы республикалық, облыстық, аудандық баспасөз бетінде оқу орны жайлы 341 мақала, телеарналардан елудің үстінде сюжеттер мен бағдарламалар берілген. Биылғы жыл басынан тек қана «Атырау» газетіне университетке қатысты 68 мақала, «Прикаспийская коммуна» газетіне 86 мақала шыққан. Сондай-ақ, ректор аппаратының жетекшісі Гүлфайруз Қайырғалиева

медиаорталық жұмысымен және жобаларымен таныстырып, журналистика кафедрасының меңгерушісі Мәншүк Тынышқалиқызы кафедраның жеткен жетістігі мен оқуда озат болып, БАҚ саласында белсенділік танытқан студенттердің жеңісін көрсетті. Жиын барысында облыс әкімінің баспасөз хатшысы Әсел Тұмашқызы «Университет қабырғасында білім беріп қана емес, облыстық телеарналарда және «Атырау-Ақпарат» ЖШС базасында тәжірибе алмасуға көптеп көңіл бөлінуі керек деп ойлаймын. Соған орай мен білім алушылармен бірге әкімдік жанындағы басқарма және департаменттерде тренингтер жүргізсек де-

ген ойымды білдіремін. Сондай-ақ, тамыз айында өтетін тегін тренингтерге университет баспасөз қызметінде бірге тәжірибе алмасуға шақырамын» деген ұсынысын жеткізді. Дөңгелек үстел барысында өңірдегі ақпарат қызметінің шешімін күткен мәселелері де аталып өтті. Осы тұста, «Атырау-Ақпарат» ЖШС директоры Жасын Біркенов дәстүрлі баспасөзден бөлек, электронды ақпарат құралдарын дамыту бойынша да білім ордасымен байланысып жұмыс атқарылу керек екенін айтып, smm маманына сұрастырғы көп екенін және де біліктілікті арттыратын курстардың қажеттілігін, сыни материалдардың көптеп берілуін тілге тиек етті.

## Мәншүк Мұқашева: ЖУРНАЛИСТ ТӘРБИЕЛЕУ – ЖАНКЕШТІ ІС

**Мәншүк Мұқашева, филология ғылымының кандидаты, Халықаралық Еуразиялық Телевидение мен радио академиясының академигі**  
Біздің бүгінгі кейіпкер – Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Журналистика кафедрасының меңгерушісі, ұстаз, ғалым, зерттеуші Мәншүк Тынышқалиқызы. Ұзақ уақыт бойы бірнеше бұрын журналистика мамандарын даярлап шығару ісіне үлес қосқан М.Мұқашева еліміздің бірнеше іргелі оқу орнында жауапты қызметтер атқарып, дәріс оқып келеді. Бүгінгі сұхбат қазақ журналистикасы, қазақ баспасөзінің тарихы, шәкірт тәрбиелеу ісі төңірегінде өрбиді.

– Мәншүк Тынышқалиқызы, Атырау университеті Журналистика кафедрасының жұмысын көзбен көріп, таныстық. Кафедрадағы тың жобалар, журналист маман даярлау ісіндегі жаңашылдықтар туралы айттың берсеңіз.

– Кафедраның басқаруға 2016 жылы келдім. Содан бері журналист даярлаймыз деген ізгі ниеті бар ұжыммен біте қайнасып жұмыс істеп жүрміз. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Ғылыми кеңесінде ректордың 2017 жылғы 19 маусымдағы бұйрығымен Журналистика кафедрасы өз алдына жеке кафедра болып құрылды. Қазір кафедрадағы оқыту үрдісі «журналистика» мамандығы бар кезден жиналған журналистикалық білім мен бай ғұрыптарды байланыстырып, жаңа оқыту әдістемелерін белсенді енгізе отырып, оқытудың жаңа – технологиялары мен қағидаларын қолданады.

Кафедраның дамуына үлкен үлес қосқан тұлғалар: филология ғылымының докторы, профессор, «Парасат» орденінің иегері Қ.Ә.Жүсіп, филология ғылымының кандидаты, профессор А.Т.Садықова, филология ғылымының кандидаты Б.М.Әббешов, филология ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор А.Қ.Қыдырбаева.

Кафедра мамандар тәрбиелеу ісімен қоса бірқатар ғылыми-зерттеу жобаларын да жүргізіп келетінін мақтанышпен атап өткім келеді. Мәселен, «А.Сейдімбековтің шығармашылық шеберханасы», «Темірбек Қожақеев – сатира саңлағы», «Әкім Тарази шығармаларындағы публицистикалық сарын» ғылыми жобалары көпшіліктің ықыласына бөленді. Кафедрамызда студенттердің оқу қызметінің әр түрінмен айналысуға мүмкіндік беретін атаулы аудиториялар да бар. Олар: филология ғылымының докторы, профессор Т.С.Амандосов атындағы аудитория, белгілі журналист, доцент Т.Ж.Жауыров атындағы және журналист М.Дорофеев атындағы аудитория. Бұйырса жаңа оқу жылында көрнекті жазушы Р.Отарбаев атындағы аудитория «Р.Отарбаев руханият-қорынын» демеушілігімен ашылмақшы. Ол ақжолтай хабарды арнайы сүйіншілейтін боламыз.

Маусым айының басында мемлекеттік емтихан комиссиясының төрайымы ретінде А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне бардым. Осы сапарымда «TURKISTAN MEDIA HOLDING» ЖШС Бас директоры Жанахмет Ағыбаев, холдингінің атқарушы директоры Тельман Бейсенов, Халықаралық университеттің «журналистика» кафедрасының меңгерушісі Әлия Білдебек, профессор Бекжігіт Сердәлінің қатысуымен өткен «дөңгелек үстелдің» модераторы болдым. Кездесуде өңірлік журналистерді даярлау мәселелері, екі жоғары оқу орнының «журналистика» кафедралары мен «TURKISTAN MEDIA HOLDING» ЖШС арасындағы өзара ынтымақтастық мәселелері талқыланды. Қос университет арасында бұрыннан да шығармашылық байланыс үзілмеген еді. Енді ол қарым-қатынас жаңа деңгейге дамтынына осы сапарда көз жеткізіп қайттым.

2021 жылы Медиаауаттылықты дамыту бойынша халықаралық жобалар байқауында жеңімпаз атанып, украиналық белгілі ментор және тренер Сергей Штурхекций мен өзбекстандық ментор, тренер Саида –Сулаймановалар қол қойған сертификатқа ие болдық. Тарқатып айтар –бол-



сам, «Медиаауаттылық онлайн: креатив аттракционы!» тақырыбында «Эдьютон 2021 MediaSAM» инновациялық-әдістемелік семинары ұйымдастырылған еді. Оны Марат Бигалиев бастаған Орталық Азиядағы Internews өкілдігі өткізді. Бұл байқауда жеңіске жету оңай емес. Халықаралық конкурс болған соң, әр мемлекет өзінің ең мықты деген жобаларын ұсынды. Олардың әрқайсысына Америка мен Украинадан келген өкілдер терең талдау жүргізді. Әйтсе де, біздің жоба жүзден жүзірік деп танылды. Енді сол жобаны жергілікті жерде жүзеге асыру міндеті тұр. Жобаның мақсаты – мектеп мұғалімдерін медиаауаттылыққа үйрету. Өйткені жұрпалы дерт жер жүзін жайлаған сын сәтте осы оқытушылардың күнделікті қызметі күрт өзгерген болатын. Олар жаңа технологиялық құралдар, оның ішінде заманауи компьютер мен смартфон арқылы онлайн форматта сабақ жүргізуге дайын бола қойған жоқ. Сайып келгенде, мұның барлығы ұстаздар қауымының медиашеберлігін шыңдау керектігін ұғындырғандай болды. Міне, сондықтан, біздің жобамыз өз жемісін береді деп сенім білдіреміз.

Атырау облысында медиа және ақпараттық сауаттылыққа арналған «MediaLitFest» бірінші онлайн-фестивалін өткіздік. Ләйла Қойшығұлова, Бақтыбек Таубаев, Қатимолла Ризуанов, Төлеген Жанабай, Алма Қалусариева, Дана Жайлаубаева-лар фестивальдің жалпы сипатына тоқталып, артықшылықтарын атап өтті. Медиаауаттылықтың жоқтығы ақпараттық тұтыну барысында ақпараттық теңгерімсіздікті тудырады. Карантин жағдайында көптеген адам интернет ресурсы арқылы білім алуға, ақпарат алуға дағдыланды. Алайда интернетте контент жасау мен оны орналастырудың жаппай қолжетімділігі оның сапасы мен шынайлығына кепілдік бермейді. Сондықтан ақпарат ағындарын басқару, оған бейімделу және өзіне қажетсіз ақпараттардан аулақ болу білігі сынды медиаауаттылық мәселелері – бүгінгі қоғамның

алдында тұрған маңызды қажеттіліктердің бірі. Осы жағдайды ескеріп, «MediaLitFest» –ті барынша жоғары деңгейде ұйымдастыруға тырыстық. Фестиваль онлайн форматта өткенімен, оған жүзден аса адам қатысты. Олар қайталанбас шеберлік сыныптары мен сессиялар, түрлі ойындар мен байқаулар арқылы пнар мен троллинг, әлеуметтік желіге арналған заманауи медиаформаттар және сторителлинг, фейк, яғни жалған жаңалықтар мен басқа да ақпараттарды қалай анықтауға болатынын білді.

– Маман даярлау ісінде оқытушылық-профессорлық құрамның білікті, білімді болғаны маңызды ғой. Ал журналист маман даярлау үшін практикалық – тәжірибелік сала да маңызды рөл атқарады. Бұл тұрғыда қандай мекемелермен байланыс орнаттыңыздар?

– Өте дұрыс сұрақ қойып отырсыз. Журналист маман даярлаудың өзіндік ерекшеліктері бар. Осыны ескеріп біз болашақ талапкерді мектеп қабырғасынан іздегенді жөн санап, ең алдымен мектептермен де тығыз байланыс орнатқан едік. Мәселен, Атыраудағы №2, №15, №34 Лингвистикалық мектептермен шығармашылық байланысымыз үзілген емес.

Ал студенттеріміздің жыл бойы өндірістік тәжірибеден лайықты өтуі үшін «Атырау-Ақпарат» ЖШС, «Қазақстан-Атырау» филиалы, «Ақ Жайық» ЖШС, Заң «Медиа-корпорациясы», әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультеті, «Қазақ газеттері» ЖШС, «Қазақстан жазушылар Одағы» РҚБ, Ұлттық академиялық кітапхана, «Журналистика мәселелерін зерттеу институты» және республикалық мерзімді басшылардың әрқайсысымен тығыз әріптестік байланыс орнатқанбыз. Біздің түлектер республиканың іргелі БАҚ-тарында еңбек етіп, журналистика ісіне зор үлесін қосып жүргені мерейімізді асырады.

«Атамекен» ұлттық сәнікерлер палатасы жүргізетін зерттеуде студенттің өзі оқыған мамандығы бойынша қаншалықты жұмысқа орналасқаны және басқа да көрсеткіштерге көңіл бөлінеді. Соңғы көрсеткіш бойынша алғашқы ондықтың қатарында келеміз. Ал, бұдан бірнеше жыл бұрын үздік үштікте болған едік. Екінші жағынан, еліміздің оқытуға өңірлерінде журналистика кафедрасы тек біреу және осында ғана. Мәселен, ҚазҰУ мен УУ-де бірнеше кафедра бар. Студенттер соларға сәйкес бөлініп, білім алады. Ал бізде барлығы бір кафедра біріктірілген. Яғни шәкірттеріміз телевизияны да, радионы да, газетті де, баспа ісі мен баспасөз қызметін де бірдей меңгеріп шығады деген сөз.

Біз, ұстаздар қауымы, шәкірттердің білім-білігін ғана шыңдап қоймай, түрлі тілдерді еркін меңгерген, туған жердің тау-тасы мен сай-саласын, әдет-ғұрпы мен салт-санасын жүрегімен жақсы көретін, ұйымышыл ұлт пен ұлысты ұлықтай білетін жаңа заман жастарын тәрбиелеуге тырысып келеміз. Осы мақсатта жастарымыздың жан-жақты болуы, көне мен жаңаны ұштастыра білуі маңызды екенін түсінеміз. Оқу бағдарламаларын жасағанда да журналистке керек пәндердің барлығын қамтуға тырысып келеміз. Сол үшін өзіміз ұстаз болсақ та ерінбей-жалықпай оқу мен талмай еңбек ету – ұстаздың негізгі мақсаттарының бірі деп есептейміз. Осы орайда алдымыздан кездескен түрлі қиындықтарды да бірлесіп жеңуге ұмытыламыз. Мәселен, коронавирус инфекциясы бүкіл әлемге тараған қиын сәтте мұғалімдердің күнделікті қызметі түбегейлі өзгерді. Қашықтан оқытуға сақадай сай дайын болмасақ та, кафедраның ұстаздар қауымы үйренуге, компьютер мен смартфонға бейімделуге кірісті. Осының барлығы кафедра мұғалімдерінің медиа біліктілігін арттырды. Студенттерге сабақ беру үшін ұстаздар қауымы да жыл он екі ай өздері оқып, ізденіп жүр. Бұл біздің кафедраның ұстанымы.

Университет тарихында тұңғыш рет журналистика мамандығында оқып жатқан студенттердің ХІІІ республикалық олимпиадасын ұйымдастырдық. «Атырау-Ақпарат» медиахолдингіде медиа-мектеп ашылды. Ал Атырау университетінде медиаорталық пен соның жанынан жаңа заманауи телестудия өз жұмысын бастады. Олар да біздің кафедранан орталығын ашты. Оның жұмысына болашақ журналистер де атсалысады. Дәстүрлі түрде «Жауыров оқулары» атты арнайы апталық пен соның аясында студенттердің ғылыми конференциясы ұйымдастырылып отырады. Жүзден жүзірік шыққандар дипломмен және ақшалай сыйлықпен марапатталады. Әлемдегі үздік 300 университет қатарындағы ҚазМУ-мен тығыз байланыста жұмыс істеп келеміз. Бірде-бір шарадан тыс қалмауға ұмтыламыз. Бұдан бөлек, көрші Астрахан мемлекеттік университетімен бірлесіп жүзеге асырып келе жатқан жобаларымыз да бар. Атыраулық студенттер онда академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алды. Ұстаздарымыз да ғылыми ізденісті үзбеу үшін шетелдік белді басшыларға мақала жариялап, халықаралық конференцияларға қатысып отырады. Биыл да олардың Түркия, Ресей, Украина, Нидерланды елдерінің ғылыми мақалалары жарық көрді.

– Мәншүк Тынышқалиқызы, биыл сіздің басшылығыңызбен және кафедра ғалымдарының құрастыруымен «Әйел теңдігі» журналы» атты хрестоматиялық көмекші құрал жарық көрді. Ол көмекші құралды құрастырудағы мақсат не еді?

– XX ғасырда жарық көрген «Әйел теңдігі» журналы (1926-1927жж.) қазақ журналистикасы тарихында алғашқы салалық басшы. Бұл журналда қазақ журналистикасында есімдері ерекше атала-тын ұлт қайраткерлері, алғашқы қазақ әйел дәрігері Аққағаз Досжанова, қазақтың тұңғыш журналист қызы Нәзіпа Құлжанова, «Әйел теңдігінің» бас – редакторы, шығарушысы Сара Есова, публицист Нағима Арықова, Алма –Оразбаева, ақын, журналист Шолпан Иманбаева, Ләзза Серғазина бастаған қазақ қыздарының шоғыры «Әйел теңдігі» журналының шығарып, әйелдер мәселесін жазудың алғашқы үлгісін көрсетті. Басшылықтарын тарихын зерттеуде қажетті ақпараттық-танымдық мақалалар жинауға, қоғамдық-саяси көзқарастар мен әлеуметтік экономикалық ахуалды дәл басып танауға, зерделеуге нақты дәлел болатын ғасыр куәгері. «Әйел теңдігі» журналы журналистика саласын зерттеп, зерделеп жүрген мамандар мен жоғарғы оқу орнының студенттері мен оқытушыларға, сол салаға деген қызығушылық танытқан оқырман қауымға арналады. Бұл журналда журналистика саласының жанрлары жан-жақты қарастырылған. Мақалалар педагогикалық, сатиралық және ғылыми бағытта топтастырылған. Сонымен қатар журналда атақты журналистердің, бас редакторлардың, ақын-жазушылардың мақалалары бар.

XX ғасырдағы қазақтың ұлттық баспасөзінің қалыптасуы, даму тарихында «Әйел теңдігі» журналының маңызы зор. Айлық журнал халықты қоғамдық-саяси хабарларымен қамтамасыз етіп қана қоймай, әрі ағартушылық, әрі әдебиет пен мәдениетті насихаттау қызметін қатар атқарды. Жинақта журналдың А.Байтұрсынұлы әліпбиімен жарық көрген (төте жазу) екі жылдық санын кирилл қарпіне аудардық. Оқырманға, қазақ баспасөзінің тарихына қызығатын зерттеушіге қажет көмекші құрал болатынына сенеміз.

Жалпы журналистерді даярлау ісі – аудиториядағы жұмыс қана емес. Осындай зерттеу оқулықтарын студенттерге ұсыну арқылы да олардың журналистика тарихы бойынша білімін арттыруға болады деп есептейміз.

– Сұхбатыңызға көп рақмет!  
Сұхбаттасқан Қарағөз СІМӘДІЛ  
«Ана тілі» газеті, 30 маусым, 2022

## КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ФАКУЛЬТЕТІ

Көптілді білім беру факультетін 370 бакалавр және 39 магистр бітіріп отыр, оның ішінде 53 студент үздіктер қатарынан табылды.

Салтанатты жиында оларды басқарма төрағасы-ректор Саламат Нұрмұханұлы, профессор Қадыр Жүсіп, оқу орнының ардагер ұстаздары, оқытушы ғалымдары түлектерді құттықтап, алған біліміне сай елге қызмет етуге шақырды.

«Құрметті түлектер, сіздерді бүгінгі жоғарғы оқу орнын сәтті аяқтап, үлкен мақсаттарыңның бір сатысына көтерілуімен шын жүректен құттықтаймын. Бітіруші түлектердің арасында әр түрлі облыстық, республикалық байқауларға

қатысып, университетіміздің атақ-абыройын шығаруға өзіндік үлестерін қосқан студенттерімізде жетерлік. Осы орайда сіздерге тек қана Атырау өңірінің емес, еліміздің үздік деген мамандарының қатарынан табылып, жетістікке жетуге тілектеспін», – деді Саламат Нұрмұханұлы.

Жиын барысында осындай қызығы мен қиындығы қатар жүрер студенттік өмірде белсенділік танытып, түрлі сайыстарда жетістікке жеткені үшін Сарбиназ Нажмадинова мен Гүлдана Бижанова Атырау қаласының ақпараттық технологиялар факультетінің орталынығының алғыс хатымен, Жанерке Мустахим «Аманат» партиясы Атырау облыстық

филиалының алғыс хатымен және Фариза Амангелдіқызы Атырау қаласы әкімдігінің алғыс хатымен марапатталды. Шара соңында диплом табыстар рәсіміне арнайы келген ата-аналар сөз сөйлеп, ұстаздарға өз алғыстарын жеткізіп, ізгі тілектерін жолдады.



# АҚ ЖОЛ САҒАН,



## ФИЗИКА, МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ФАКУЛЬТЕТІ

Физика, математика және ақпараттық технологиялар факультетінің бітіруші түлектеріне диплом табыстау шарасы өтті. Салтанатты жиында университеттің ғылым және халықаралық қатынастар жөніндегі проректоры Еламан Қанатұлы, оқу орнының ардагер ұстаздары және оқытушы ғалымдары түлектерді құттықтап, жаңа өмір жолына аттаған қадамдарына сәттілік тіледі.

«Арифметика математиканың, ал математика – ғылымдардың патшасы» деп бекер айтылмағаны анық. Осы ғылым жолында, тұтас дүниенің тұңғығына беттеген, біліммен қатар, қоғамдық шараларға қатысып, университеттің абыройын асқақтатқан, жастық пен жасампаздық жолында сан түрлі қызықты шақты бастан өткерген студенттер бүгінде жас маман атанды.

Осы ретте физика, математика және ақпараттық технологиялар факультетін 188 бакалавр және 21 магистр бітіріп отыр. Оның ішінде, 20 студент үздіктер қатарынан табылды. Жиын барысында осындай қызығы мен қиындығы қатар жүрер студенттік өмірде белсенділік танытып, түрлі сайыстарда жетістікке жеткені үшін 21 студент ректор алғыс хатымен, 31 студент декан алғыс хатымен және де 5 студент «Аманат» партиясы Атырау облыстық филиалының алғыс хатымен және Атырау қаласы әкімдігінің алғыс хатымен марапатталды. Шара соңында диплом табыстау рәсіміне арнайы келген ата-аналар сөз сөйлеп, ұстаздарға өз алғыстарын жеткізіп, ізгі тілектерін жолдады.





## ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ

Экономика және құқық факультетінің бітіруші түлектеріне жоғарғы оқу орнының білімін растайтын құжат табыс етілді. 2021–22 оқу жылында бұл факультетті 596 студент тәмамдаса, оның ішінен 54 түлек қызыл диплом иесі атанды. Биылғы түлектердің ішінде «Жас Отан Жастар Қанаты» Атырау қалалық филиалының төрағасы Әділет Сәбитов, «Барыс» Атырау облысы бойынша баскетбол командасының мүшесі Марат Әділхан, үстел теннисінен параолимпиада жеңімпазы Айгүл Насихатова, басқа да көптеген халықаралық және республикалық ғылыми зерттеу жұмыстары конкурстарының, конференцияларының жеңімпаздары, басқа да бірнеше белсенді жас бар. Сондай-ақ, бітіруші курс студенттерінің елуге жуық студенті волонтерлықпен айналысуда.

Салтанатты шарада басқарма төрағасы–ректор Саламат Нұрмұханұлы үздік студенттерге диплом табыстап, алған білімдеріне сай жемісті

қызмет етуді тілеп, студенттерге әрдайым үздіктердің қатарында болуға тілектестік білдірді. Университетімізде білім алушылары ең көп саналатын экономика және құқық факультетінің студенттері біліммен қатар қоғамдық шараларда да белсенді екенін көрсетті. Биылдың өзінде аталмыш факультет 551 бакалавр және 35 магистр дәрежесін алған студенттерді білім ұясынан атандырып отыр. Төрт жылдық білім алу кезінде қоғамдық жұмыста белсенді, оқуда озат студенттер «Аманат» партиясының, Атырау облыстық ішкі саясат басқармасының, дене шынықтыру және спорт басқармасының, қала әкімінің және жастар ресурстық орталығының алғыс хатымен марапатталды. Экономист, есеп және аудит, мемлекеттік және жергілікті басқару және заңгер мамандығын иеленген алты жүзге жуық түлектің ішінде қазірдің өзінде білім мен тәжірибені ұштастырып, мамандығын бойынша қызмет атқарып жатқандары жетерлік.



# ЖАС ТҮЛЕК!

## ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ЖӘНЕ ӨНЕР ФАКУЛЬТЕТІ



Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінің түлектері бірнеше жыл бойы жиған білімінің құтты құжатын қолдарына алды. Университетіміздің академиялық мәселелер бойынша проректоры Асхат Ералыұлы бүгінгі бітірушілердің де сол жолда абыроймен жалғайтындығына сенім білдіріп, бірқатар үздік студенттерге дипломын табыстады. Өз сөзінде студенттерге сәт-сапар тілеп, бүгінгі мерекенің әр студенттің жеке жеңісі екенін тілге тиек етті.

Факультетті биылғы оқу жылында журналистика, тарих, бейнелеу өнері және сызу, дизайн, музыкалық білім, дәстүрлі музыка өнері, вокалдық өнер мамандығы бойынша 137 түлек тәмамдады. Оның 23-і - үздік диплом иегері. Білім алу кезінде қоғамдық жұмыста белсенді, оқуда озат болып, көзге түскен студенттер университет ректоры, Атырау қалалық жастар ресурстық орталығының, Атырау облыстық ішкі саясат басқармасының, Атырау қаласының әкімінің алғыс хатымен марапатталды.



## ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ЖӘНЕ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫ ФАКУЛЬТЕТІ

Жаратылыстану және ауылшаруашылық ғылымдары факультетінің диплом тапсыру салтанатында әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректор Ләйлә Ерболатқызы, оқу орнының ардагер ұстаздары, оқытушы ғалымдары түлектерді құттықтап, алған біліміне сай елге қызмет етуге шақырды.

Айта кетейік, аталмыш факультетті биылғы оқу жылында 220 түлек тәмамдап отыр. Оның 39 студенті – үздік диплом иегерлері, магистрлер саны – 19.

Озық білімімен, белсенділігімен танылып, оқу орнының абырой-беделін биіктетіп жүрген түлектер университет ректорының, «АМАНАТ» партиясының, Атырау облыстық білім басқармасы, қалалық жастар ресурстық орталығының, облыстық ішкі саясат басқармасының, қала әкімдігінің атынан алғыс хаттармен марапатталды.

Салтанатты шараға кафедра меңгерушілері, оқытушылар, ата-аналар қатысты.



## АҚ ЖОЛ САҒАН, ЖАС ТҮЛЕК!

### ИННОВАЦИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ФАКУЛЬТЕТІ



Инновациялық білім беру факультетінің салтанатты диплом тапсыру шарасына ректор Саламат Нұрмұханұлы, әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректор Ләйлә Ерболатқызы мен әрбір бітіруші студент үшін маңызды әрі қуанышты күні жандарынан табылуды құп көрген ата-аналары мен университеттің ғалым оқытушылары қатысты.

«Бүгіннен бастап әр түлек үшін өмірде жаңа кезең басталады. Осы жолда алған білімдеріңізді ақтап, еліміз бен өңіріміздің дамуына, университетіміздің өркендеуіне баршаңызды атсалысуға шақырамын. Өмір жолында сүрінбей, алған білімдеріне сай адал қызмет етуге және бүгінгідей жанұя қуанышының еселене беруіне тілектестік білдіремін. Сонымен қатар, бірнеше жыл сіздерге білім берген профессор-ұстаздарды да құттықтаймын. Біліммен қатар, қоғамда қалыптасып дамуларыңызға осы ұстаздардың қосқан ролі өте зор», деді Саламат Нұрмұханұлы.

Айта кетейік, факультетті биылғы оқу жылында педагогика, мектепке дейінгі және бастауыш білім беру, психология және арнайы білім беру, дене шынықтыру және БӘД, дене тәрбиесі мамандығы бойынша 491 түлек тәмамдап отыр. Оның 28-і үздік диплом иегері атанды. Бакалавриат бойынша 76 әкім гранты, 41 «Серпін» грантының, 30 мемлекеттік

гранттың иегерлері оқуын тәмамдады. Университет қабырғасында оқи жүріп, қоғамдық жұмыстарда белсенділік танытқан, білімді де назардан тыс қалдырмаған студенттерге «Аманат» партиясының, Атырау облыстық ішкі саясат басқармасының, дене шынықтыру және спорт басқармасының, қала әкімінің және жастар ресурстық орталығының алғыс хаты табыс етілді.



### ШӘКІРТТЕРІМ - МАҚТАНЫШЫМ

Ұстаз үшін шәкіртінің үлкен азамат болғанын көргеннен артық бақыт бар ма?! Бүгінгі күн мен үшін ерекше. Олай дейтінім, биылғы оқу жылы менің өз ісіме деген жауапкершілікті арттыра түсті. Себебі, менің сүйікті студенттерім өздерінің дипломдарын алып, үлкен өмірге қанат қақтап.

2018 жылы, қыркүйек айында кураторлық тобымды қабылдадым. Бұл маған ең алғаш тікелей бекітілген топ болатын, яғни 5В010800-дене шынықтыру және спорт мамандығының 1 курс 102 топ студенттері. Топ құрамы өте тамаша болды. Өздерінің өте белсенді, білімді, спортқа жақын екендерін алғашқы жылдардың өзінде байқатып үлгерді. Олармен өткізген әр тәрбиелік шаралар, сынып сағаттары, кездесулер – менің әлі есімде. Менің қоржынымда сол сәтте түсірілген суреттер мен бейнегаспалар әлі де сақтаулы. Сол жылы Аргентина астанасы Буэнос-Айресте жасөспірімдер арасында Олимпиада ойындары өтті. Байрақты бәсекеге Атырау облысының спортшылары атынан дене шынықтыру және спорт мамандығының 1 курс студенті Батырғали Әбілмансұр да бақ сынаған болатын. Олимпиада ойындарында 4 кездесу өткізіп, қола жүлдегері атанды. Дәл осы тарихи сәтте бүкіл Қазақстанның тек қана Әбілмансұрға лицензия алу бұйырды. Менің тобымның алғашқы жетістігі, міне осыдан басталған болатын. Әуежайдан күтіп алып, университетте ғылыми кеңес залында кездесу өткізген болатынбыз. Университетке алғаш қадам басқан студенттеріміз университет қабырғасымен осылай таныса бастады. Әрі қарай қызықты да, әсерлі күндеріміз жалғасын таба берді.

Сонымен қатар, «Атырау» телеарнасы кезекті байқауын ұйымдастырған болатын. Оған спорттың әр түрінен облыс намысын қорғап жүрген жетістікке жетіп жүрген спортшылар қатысқан. Екі аптаға созылған бұл жобадан да жүлделі «Үздік жас спортшы» номинациясына

Батырғали Әбілмансұр ие болды. Сонымен қатар, Атырау университетінің Жастар саясаты департаментінің ұйымдастыруымен «Жыл үздігі-2018» байқауы конкурсына қатысуға дене шынықтыру және спорт мамандығының 1 курс студенті Жаңбыр Бейбарыс пен Батырғали Әбілмансұр өтініш тапсырып, «Үздік спортшы» номинациясы бойынша Жаңбыр Бейбарыстың еншісіне тиді. Осылайша, 4 жыл ішінде ел намысын қорғап, қанжығаларына түрлі додалардан жүлде байлаған спортшыларымыз Азия чемпи-ондары, әлем чемпиондары Бейбарыс пен Әбілмансұр спорттың дамуына теңдесіз үлес қосып келді.

Мен үшін әрбір студентімнің орны бір төбе. Арасында мінезі биязы, салмақты Әнуарбекім, әрі іске сабыр мен шыдамдылық танытатын Жұмағали, Қаламғали. Өз ойын ашық айтып, әділдігімен әрдайым көзге түсетін Асқарбек, Олардың жетістіктерін мақтанышымен айта аламын.

Топтың еркесі Бауыржан, сырбаз жігіттерім Асылжан, Ғасырбек, Әділхан, мінездері жайсаң Наурызбек, Ерқанат, жүрегі мен көңілі ашық Ернар, сымбаттыларым Ұлан мен Азамат, Мұхтархан, ұлдардың арасында өзің еркін ұстайтын Айша қызым маған анасындай көріп еркелей кететін балалармен өткен әсерге толы төрт жыл бүгінде маған ауыз толтырып айтып отыратын естелікке толы шақ болып қалды. Үнемі жанымнан табылатын, барлық іс-шараларға белсене араласып жүретін балалар да менің тобымда. Міне, мен қанаттандырғалы отырған студенттердің бір-біріне ұқсамайтын осындай ерекшеліктері бар. Баршасын алда үлкен сын күтіп тұр. Сәт сапар, сүйікті түлектерімі!

**Айман ҚАЛДЫБАЕВА,**  
инновациялық білім беру факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары, дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық кафедрасының оқытушысы

# АТЫРАУ АУМАҒЫНДАҒЫ 1921-1923 ЖЫЛДАРДАҒЫ ХАЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАРЫ

Бірінші дүниежүзілік соғыс пен дүниенің астан-кестеңін шығарған азаматтық қарсыластық кезеңі Ресейдің басқа халықтары сияқты қазақ халқын да ауыр дағдарыс пен күйзеліске ұшыратты. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында басталған экономикалық дағдарыс пен соғыс ауыртпалығы 1917-1920 жылдардағы аумалы-төкпелі заманда одан сайын күшейе түсті. Бір қолдан екінші қолға өткен және меншік нысанын ауыстырған кәсіпорындар жұмыс істеуден қалды. Қазақстандағы мемлекет иелігіне алынған 307 кәсіпорынның 250-і мүлдем жұмыс істемеді. 1913 жылмен салыстырғанда мұнай өндіру 4 есе, көмір өндіру 5 есе қысқарды, мыс рудасын өндіру мүлдем тоқтады. Көптеген кәсіпорындар жарым-жартылай ғана жұмыс істеді. Соғыс жылдарында қиратылған және бүлінген кәсіпорындарды қайта қалпына келтіруге қаржы мен жұмыс күші жетіспеді.

Ауыл шаруашылығы да үлкен күйзеліске ұшырады. Егіс көлемі 1914 жылғы 3,6 млн. десятинадан, 1922 жылы 1,6 млн. десятинаға дейін қысқарды, егін шығымдылығы да едәуір төмендеді. Бұл кезеңдегі Атырау өңірінің де жағдайы өте төмен еді. Кеңестік қызыл әскер 1920 жылы 5 қаңтарда Гурьев қалашығын, ал 8 қаңтарда Ембі мұнай кәсіпшіліктерін генерал Толстовтың ақ казак әскерінен азат етті.

Азамат соғысы шарпыған өлке шаруашылығы бұл кезде өлген күйзелген болатын. 1920 жылы Орал губерниясында 1916 жылға қарағанда мал басы 4.306.865 - тен 1.061.484 - ке, егістік алаңы 424.280 десятина, яғни 60 пайызға, балық аулау 1913 жылмен салыстырғанда 1.600.000 пұттан 429 292 пұтқа төмендеген. Ал халық санағына келер болсақ, 1916 жылы Орал губерниясында барлығы 866 946 адам, соның ішінде Гурьев уезінде 162 125 адам тіркелген. 1920 жылғы халық санағы бойынша губерния халқы 43,3 процентке, уезд халқы 31,8 пайызға кеміген. Экономикалық құлдырау мен халық санының осынша кемуі елдегі төңкерістер мен соғыстардың әсері екені сөзсіз.

Зерттеушілер М.Асылбеков, А.Ғалиев өз еңбектерінде Қазақстанның халық санындағы өзгерістерге азамат соғысының зардаптары және 1921 жылғы жұт, Кеңестік биліктің шаруалардан азық-түлік үшін малдарын тартып алуы ерекше әсер етті дей келіп, 1921-1922 жылы Батыс Қазақстанда (Ақтөбе, Орал губерниялары және Бөкей ордасы) 40 000 шаруашылық жойылды деп көрсетті.

М.Н.Сыдықов Батыс Қазақстан тұрғындарының демографиялық дамуы туралы еңбегінде 1920 жылдардағы өлкедегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың халық санына айтарлықтай әсер еткенін жазды. 1917 жылы санақ бойынша Батыс Қазақстанда (Ақтөбе, Орал губерниялары және Бөкей ордасы) 1 398 984 адам, 1920 жылғы санақ бойынша 1 198 540 адам, 1923 жылғы санақ бойынша 879 040 адам болған. Көрсетілген алты жыл ішінде тұрғындар саны 519 944 адамға азайған, яғни 37,1 пайыз. Зерттеушінің көрсетуінше, халық саны азамат соғысы жылдарында 200 500 адамға, аштық пен жұттан 319 500 адамға қысқарған.

«Қазақстан тарихы» порталында 2020 жылдың 4 наурызында жарияланған «1921-1922 жылдардағы ашаршылық» атты мақаланың авторы Аян Аренинің мәліметтерін басшылыққа алатын болсақ: зерттеушілердің пікірінше, бұл қарсыз қыстың және оның орнына құрғақ жаздың салдары болды. Қарсыз қыс, көктем мен жаз жаңбырсыз құрғақшылықты тудырды, бұл өз кезегінде аштық қаупін алып келді. 1921 жылдың жазында аштық елдің аймақтарына тарала бастады және, әсіресе, Еділ аймағын қамтыды. 1921 жылдың күзіне қарай бүкіл ел бойынша ашыққандар саны 20 млн. адамға жетті. Тарихшылар партиялық құжаттарда көрсетілген себептермен бірге ашаршылық кәсіпкерлікті жою, өнеркәсіпті ұлттандыру, сыртқы сауданы монополияландыру, мәжбүрлі еңбек міндеттілігі және азық-түлік диктатурасымен қатар жүретін «соғыс коммунизмі» саясатымен туындаған елдегі төтенше экономикалық жағдайдың нәтижесі болуы мүмкін деп санайды. Мұның бәрі халық шаруашылығына және ауылшаруашылық саласына, қатты соққы берді. Осы жылдары ашаршылық Қазақстанның әрбір өңіріне қауіп төндірді. Құрғақшылықтың басым бөлігі егістік алқаптары орналасқан Орал, Орынбор, Қостанай, Бөкей және Ақтөбе губернияларында орын алды. Бұл жерлерде егістік алғаш жаздың басында құрғап кетті. Көшпелі және жартылай көшпелі мал өсіретін аудандарда жайылымдар мен шабындық жерлер жойылды. Аштық құрбандарының саны күн сайын артып отырды. 1921 жылдың тамыз айынан бастап Орынбор, Ақтөбе, Орал, Қостанай губерниялары мен Бөкей Ордасы ресми түрде аштықтан жапа шеккен аймақтардың қатарына қосылды. Аштықпен бірге жұқпалы аурулар да пайда болды - іш сүзегі, тырысқақ, وبا, қышыма және басқалар. Ауру жұқтырған адамдардың саны республиканың емдеу мекемелерінің мүмкіндіктерінен едәуір асып түсті. Аштық жоғары өлім-жітімді тудырды, ал кедейлік, эпидемия және аурухана жетіспеушілігі оның көрсеткіштерін арттырды. Мысалы, 1921-1922 жылдары Қостанай губерниясының аш және ауырып қалған тұрғындарының 75% - ға жуығы қаза тапты. Республиканың денсаулық сақтау халық комиссариатының деректері бойынша Орынбор, Орал, Ақмола және Ақтөбе губернияларында 1921 жылғы 1 қараша мен 1922 жылғы 1 шілде аралығында 37 657 адам қаза тапқан.

Азамат соғысы жылдарында енгізілген «әскери коммунизм» саясатының ызғары 1921 жылы наурыз-сәуір айларында ғана бәсеңсіп, «жаңа экономикалық саясат» тетіктері іске қосыла бастады. Дегенмен бұған дейін-ақ, зорлыққа негізделген саясатқа қарсы шаруалардың шыдамы таусылған болатын.

1920 жылдың көктемінен бастап шаруалар наразылығы қарулы күреске ұласа бастады. Шаруалардан құралған әскери бөлімдерде қарулы бүліктер шықты. 1920 жылы Ақтөбе уезінде Логинов бастаған ішкі істер қызметінің батальоны бүлік жасады. Маусым айында Әскемендегі №530 жаяу әскер полкі көтеріліс жасады, маусым айының соңында Павлодар мен Семейде есаул Шишкин бастаған көтеріліс бүрқ ете түсті. Бірнеше ірі стансаларды басып алған олардың қатары шілде айының соңында 16 мыңға дейін жетті. Бұл кезеңде Гурьев уезінің жағдайы да онша жақсы емес болатын. 1920 жылы 05 қаңтарда №4 армияның №25 Чапаев дивизиясының атты қосыны Гурьев қаласын Толстовтың ақ казак әскерінен азат етті. Армия әскери кеңесі шешімімен комиссар Франц Самсо-

нович Гурьев революциялық комитеті төрағасы болып тағайындалды. Гурьевті азат еткен №25 дивизия оңтүстік батыс майдан қарауына беріліп ақ поляктармен соғысқа аттанды. Гурьевте жұмыс жасаған бес ай мерзімде ревком төрағасы Франц Самсонович көп жұмыс атқарды. 10 қаңтарда құрамында 21 адам бар Гурьев милициясы құрылып, уезде «Красный Гурьевский вестник» газетінің алғашқы саны шықты. Кейін «Трудовая Правда» атанған газетте қаладағы ауыр жағдай, жұқпалы аурулардың таралуы туралы мәліметтер беріле бастады. Самсоновичтен кейін Гурьев ревкомына төраға болған В.Р.Васильев қалада тазалық жұмысын жолға қоюға жұмыстанды. 1921 жылдың басында елде басталған шаруалардың кеңес үкіметіне қарсы бас көтерулерін Гурьевте бұрынғы әскерилер мен милиция қызметкерлері қолдап жергілікті ревкомды құлатуға жұмыстанды. Бүлікшілер басында Сорочинск кеңес төрағасы Кирил Ермаков, Гурьев уезі милиция басшысы, 29 жастағы Василий Яшков (Сорочинскіде туылған), Бүкілресейлік төтенше жағдай комитетінің (ВЧК) №34 батальоны квартирмейстері Илларион Шлепов, Никольск шіркеуінің діни қызметкері Павел Дикин болды.

Редут, Топойлы, Сарайчик, Сорочинск, Кандауров селолары мен қаладағы бүлікшілер саны 500-дей адамға жетті. Көтеріліс 1921 жылдың 1 сәуірі таңғы төртке жоспарланды. Егер көтеріліс ойдағыдай болса, Қызылқоға арқылы Калмықовқа, Орала жорық жасау жоспары да құрылды. 31 наурыз күні кешке уездік ВЧК қызметі қаладағы бүлік туралы толық ақпарат алып, негізгі мемлекеттік мекемелерді қатаң күзетуге бұйрық берді. Қалада кешке жүру рұқсат қағазы өзгертіліп, көшелерге атты әскер қарауылдары шығарылды. Айтылған уақытта Сарайчик



тобы жетекшісі Ермаков қалаға солтүстік жақтан кіріп, көтеріліс белгісін күтеді. Көтеріліс басшылары ВЧК мен жергілікті ревкомның шұғыл іс-әрекетінен қауіптеніп, көтеріліс күнін кейінге қалдырады. Шлепов бұл істің күйрегенін біліп екі серігімен қаладан қашады.

Сәуірдің 2-сі күні таңғы сағат 4.00-де ВЧК көтерілісшілерді тұтқындауды бастайды. Оның қызметкері Миридонов тобы жиналған көтерілісшілер үстінен түсіп, сол жерде оққа ұшады. Осы күні көтерілісшілер Ермаков тобымен қаланың бірнеше көшесін басып алады. Дегенмен, көтеріліске шығатын әскери бөлімдер ВЧК жағына шығып, Ермаков тобы мен аз ғана қаладағы көтерілісшілер Кандауров селосына қарай қашады. Уезде төтенше жағдай енгізіліп, көтеріліске қатысқан, көмектескен 300 адам тұтқындалады. Атырау облыстық мемлекеттік архивында 1921 жылы 02 сәуірде Гурьев уезінде бүлік ұйымдастырушылардың басшыларының аты жөні сақталған.

**ОЛАР:**

1. Яшков Василий Федорович - уездік милиция басшысы;
  2. Шлепов Илларион Иванович - ВЧК №34 батальоны;
  3. Шилимов Петр Силантьевич - милиционер;
  4. Тупицын Иван Васильевич - милиционер;
  5. Ермаков Кирил Егорович - Сорочинск кеңесі төрағасы;
  6. Мохначев Евграф Иванович - Кандауров кеңесі төрағасы;
  7. Бахарев Юра Стахеевич - Редут кеңесінің төрағасы;
  8. Бахарев Куприян Стахеевич - Редут болыстық кеңесі төрағасы;
  9. Ротнов Евгений Семенович - Сарайчик кеңесінің төрағасы;
  10. Тостов Василий Александрович - Кандауров кеңесі хатшысы;
  11. Поторочин Апполинарий Артамонович - Редут кеңесінің хатшысы;
  12. Заршиков Кирил Иванович - Сорочинск кеңесі мүшесі;
  13. Чуманов Алферий Ануфриевич - Редут кеңесі мүшесі;
  14. Кораблев Федор Васильевич - Кандауров кеңесі мүшесі;
  15. Карамышев Евлампий Федорович - Редут кеңесі мүшесі;
  16. Бакалкин Иосиф Георгиевич - Сорочинск кеңесі мүшесі;
  17. Заршиков Никита Михайлович - Редут кеңесі мүшесі.
- 1921 жылдың сәуірдің ортасында тұтқындалған 59 адам бүлікші деп танылып, Орал қаласындағы орталық түрмеге жіберіледі. Төменгі Еділ әскери округі революциялық трибуналының Орал қаласындағы бөлімі 1921 жылдың 29 шілдесінде уездік милиция басшысын, ВЧК №34 батальоны квартирмейстерін, Сорочинск кеңесі төрағасын және 2 сәуірде чекіст Миридоновты атып өлтірген Никандр Земляковты ату жазасына үкім шығарды. Ату жазасы 1 қыркүйекте Орал қаласында орындалды. Қалған көтерілісшілер 1-10 жыл аралығында мерзімдерге концлагерге жіберілді.
- 1920 жылғы көтерілістің ең ірісі Орал губерниясында әрекет еткен бұрынғы қызыл гвардияшы, азамат соғысының батыры А.Сапайков бастаған бүлік болды. Сапайков басшылық еткен №22 жаяу әскер дивизиясында

бұрынғы шаруалар көп болатын. Большевиктер саясатына наразы болған олар шілде айында Сапайковтың басшылығымен ашық қарулы күреске шығады. Қызыл әскермен соғыста Сапайковтың өзі ұрыс үстіңде қаза табады. Осы жерде көтерілісшілерге басшылықты, Сапайковтың серігі №2 жаяу әскер дивизиясында полк командирі болған 33 жастағы Бузулук қаласының әскери гарнизоны басшысы Василий Александрович Серов қолына алады. Саратов губерниясы Новоузен ауданында дүниеге келген В.Серов Гурьев қаласындағы әскери бөлімде унтер - офицер лауазымында қызмет етіп 1914-1918 жылдардағы Бірінші дүниежүзілік соғысқа қатынасады. Майдан даласындағы ерлігі үшін Георгиев орденінің толық тізбесін алады. 1917-1918 жылдары Жайық бойында кеңес үкіметін орнатуға белсене араласып «қызыл партизан» ретінде 1919 жылы большевиктер партиясына қабылданады. Сапайковтың серігі ретінде бригада басшысына дейін жоғарылатылады. Дегенмен, 1920 жылдардағы елдегі жағдай, Кеңес үкіметінің шаруаларға жасаған сұрқия әрекеттерінен кейін В.Серов шаруалардың жақтаушысы ретінде Сапайков құрған «Армия Правды» қатарынан табылып, большевиктерге қарсы күреске шығады. 1920 жылы қыркүйекте Серов армиясында 500 адам болса, 1921 жылы ақпанда аты өзгертілген «1-я атаманская дивизия группы воставших войск Воли народа» армиясы қатары 2500 адамға жетеді. В.Серов қарауына жергілікті қозғалыс жетекшілері, атамандар Пятаков, Маслов, Еркін, Шувалов әскері де қосылады. Оралдан Гурьевке дейінгі казак хуторлары мен селоларынан Киселев, Иванов, Иванаев, Гуринов, Кутушков, Сарафанкин басқарған әскерлер де В.Серов армиясын толықтырады.

1921 жылы күзде үкіметтің жаңа саясатынан кейін шаруалар қозғалыстары біртіндеп азая бастайды. В.Серов әскері осы кезеңде 800 атты әскер мен 1000-дай жаяу әскерден тұрып, Жайық бойында большевиктерге қарсы күрес жүргізді. 1921 жылдың қазан айында В.Серов армиясы Жайық бойымен Гурьевке қарай қозғалады. Оның негізгі себебі мынада еді. 1921 жылдың жазында В.И.Ленин басқарған Ресей халық комиссарлар кеңесі Ембі мұнайлы ауданына Каспий теңізі арқылы баржамен 20 мың тонна астық, дәрі-дәрмек, мануфактура бұйымдарын жібереді. В.Серов пен Киселевтың мақсаты осы байлықты қолға түсіріп, ашыққан Жайық бойы халқын соңдарына ерту болатын.

Гурьевке жорық екі жақтан: Самар жақ беттен Киселев тобы, Бұқар бетінен В.Серов тобы шабуылдауы тиіс болды. Олардың соңынан өте көп мөлшерде ашыққан жергілікті халық өріп отырды. Калмықовадан Жайықтың төменгі ағысы аймағындағы халық түгелге жақын В.Серов армиясына қосылды. 1921 жылдың 16 желтоқсанында, қатты аяз бен аштықтан әлсіреген В.Серов, Киселев армиясы Гурьев қаласына жетеді. Гурьев әскери гарнизоны жергілікті партия, комсомол мүшелерінен, жұмысшылардан арнайы жасақ құрып қорғанды. Алғашқы соғыс қимылы 1921 жылдың 17 желтоқсанында басталады. 18 желтоқсанда В.Серов әскері қаланың көп бөлігін басып алады. Атаман Иванаев қосыны қалалық түрмені басып алып, қамаудағыларды босатады. Гурьевті ұстап тұра алмаған В.Серов армиясы 23 желтоқсаннан бастап Жайық бойымен жоғарыға қарай пегіне бастайды. Қызыл әскермен шайқас 1922 жылы 12 қаңтарда Гребенщиков селосы маңында өтеді. Екі жақ та көп шығынға ұшырайды. 1922 жылы қаңтардың екінші жартысында В.Серов әскері Ойыл қалашығына шабуылдайды. Ойылда бұл кезде 50 адамдық әскер болған. Жергілікті шаруалар мен Алаш Орданың мүшелерінен көмек күткен В.Серовқа 220 жергілікті әскер мен біріккен большевик, комсомолдар қосыны қарсы тұрды. 1922 жылы 18 қаңтарда В.Серов әскері Ойыл қалашығын қоршап, екі күн қанды соғыстан соң жергілікті большевиктер екі қабатты уездік ауруханаға бекінеді. В.Серов әскері қаланы қорғаушыларды аямай жазалап, 1922 жылы 27 ақпанда Ойыл қалашығын тастап шығады. 1922 жылдың сәуіріне В.Серов пен Киселев әскері екіге бөлінеді. Жайық бойымен Гурьевке қайта баруды жоспарлаған Киселев қосыны 7 сәуірде қызыл атты әскер қоршауына түсіп түгелдей қаза болады. В.Серов 1922 жылдың мамыр айында Орал ВЧК органдарымен «кешірім беру» туралы келіссөз жүргізеді. Келіссөз сәтсіз болып, В.Серов әскері 1922 жылдың маусымында қызыл әскермен қайта соғысады. В.Серов әскерінің ең соңғы ұрысы 1922 жылдың 15 тамызында өтеді. Әскер бытырап, ұсақ 7 топқа бөлінеді. В.Серов үкіметке қарсы соғыстың еш нәтиже бермейтінін түсініп, 1922 жылдың 28 тамызында 80 адаммен ВЧК орындарына беріледі. 1923 жылдың 8 желтоқсанында В.Серов, қолға түскен әскерилерімен Самара губерниялық революциялық трибуналы үкімімен атылады.

Лесқали БЕРДІҒОЖИН,  
тарих ғылымдарының докторы  
Дана Алипова, тарих магистры

# 8

Шілде, 2022 жыл



## ЖАЗ ЖАЙНАТЫП, КҮН КҮЛДІРІП...

Биыл карантин тұсындағы екі жылдық үзілістен кейін Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің "Kids university" жазғы лагері қайта ашылып, балаларды шат-шадыман қуантты. Бұл – балалар жылындағы жақсы да жылы жаңалықтың бірі болды.

"Kids university" 2017 жылы ашылған еді, содан бергі кезеңде онда жазғы каникул кезеңінде жүзге жуық бала тәрбиеленген. Жазғы лагерьде биыл екі маусымда жетпіске жуық бала қызықты каникул күндерін өткізді,

« деп сәттілік тіледі.

Осылайша, жаз күнін босқа өткізбей, тынығып қана қоймай, өздерін қоса дамытып жатқан балалар жайдары жаздың жарқын күндерін бастан өткеруде. Олар түрлі танымдық, психологиялық іс-шараларға, математика, ағылшын тілі, актерлік шеберлік, сурет, йога басқа да сабақтарға қатысып, түрлі салалар бойынша қабілет-білімдерін жетілдіруде. Арасында балалардың бойын сергіту үшін таза ауада арнайы серуендер ұйымдастырылып

ба» деп сабаққа салғырт қарайтынын сыбырлап айтып жатыр-авт.).

**Сағида, Мария Берікқалиқызы, Мақаш Бекмұхамедов атындағы мектептің 1 және 3 сынып оқушылары:** Біз бұл жерден көптеген достар таптық. Бәріміз бір-біріміздің әлеуметтік желідегі аккаунтарымызға жазылып, сөйлесіп тұрамыз. Сондықтан, ертең бәріміз жан-жаққа кетіп, сабақ басталған кезде де бір-бірімізді жоғалтып алмаймыз деп ойлаймын.

**Іңкәр Агитоллаева, Ғани Мұратбаев атындағы мектептің 6 сынып оқушысы:** Біз "Kids university-ке" келе жүріп, университетпен таныстық. Мамам бұрын да маған «Ертең мектеп бітіргесін сонда барып, оқуға түсуге болады» деп айтқан болатын. Қазір бұл жерге келіп, ағай-апайларды, аудиторияларды көргеннен кейін бұл ойым беки түсті, болашақта қандай студент болатынымды елестетіп те жүрмін.

Әдетте, бір топқа келген отыз бала екіге бөлініп, жетекшілері белгіленеді. Осындай бір топта жетекшілік ететін Гүлмира Ермұханованың айтуынша, балалар өте белсенді, көңілді және бастамашыл. Олардың сергек жүруіне мән берілгендіктен, таңертең бір сағат дене жаттығулары жасалады екен. Одан бөлек, бассейн, кинотеатр қызметі қарастырылған. Сондай-ақ, жаңашыл технологияларды жақсы меңгерген балақайлар тик-ток, инстаграм желілері арқылы да бейнероликтер жасап, өз беттерінше таратуда екен.

«Kids university» университеті оқу жылы басталған кезде білім беру орталығы ретінде жұмысын жалғастырады. Биылғы жаз маусымында балалардың жақсы демалуына жастар департаментінің мамандары, психология, ағылшын тілі, математика кафедраларының оқытушылары мен практикадан өткен студенттері көп көмек көрсетті, олардың кішкентай



ұл-қыздарды шын көңілімен жақсы көріп, жақын тартатынын көзімізбен көрдік, сол үшін де барлығына рахмет айтамын. Сол сияқты, демалушылар мен ата-аналар да осындай мүмкіндік жасағаны үшін университетке алғысын жаудыруда. Соның ішінде небір тентек, тынымсыз деген балалардың да маусымы аяқталып, кетер кезде бізді қимай, «сіздерді сағынатын боламын» дегендерін есту – біздің еңбегіміздің текке кетпей, игілікке жарағаны, жас өрендердің көңілінен шыққаны деп білемін», дейді университеттің ASU Innovation жобалық кеңсесінің жетекшісі Шәрбат Бисалиева.



олар – 6-12 жас аралығындағы қала мектептерінің оқушылары. Айта кетейік, ата-аналардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын ескерген оқу орны жазғы демалыстың бағасын түгелдей тегін қылды!

Жазғы лагерьдің ашылу шарасында университеттің әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі ректоры Ләйла Ерболатқызы балаларға «Сіздер бүгін ғылым кемесінің алғашқы баспалдағын аттағалы отырсыздар. Балалар университетінде оқу – ғылым бағытын үйренумен қатар, әртүрлі тренинг-ойындарға қатысасыздар. Сіздерге университеттің профессор-оқытушылары сабақ береді. Өздеріңіздің шығармашылық қырларыңызды көрсетіп, жақсы жағынан дамуға бағыт аласыздар. Біз сіздерге сенім білдіреміз

тұрады. Келген балдырғандар лагерь қатарына қабылданып, оны растайтын куәлік алады. Ал өзі қатысқан маусым аяқталғаннан кейінгі қоштасу шарасы кезінде салтанатты шарада өнерлерін көрсетіп, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ректоры Саламат Нұрмұханұлы Идрисовтың алғысхатын иеленеді.

**Амангелді Нұраман, N13 мектептің 6 сынып, Асылбек Ибрагим, осы мектептің 5 сынып оқушысы:** Біз бұрын мектепте бір-бірімізді көріп жүретінбіз, бірақ, тіпті амандаспайтынбыз да. Осында келгесін танысып, жақын араласып кеттік. Оның үстіне, ортақ таныстарымыз да, тақырып та көп. Лагерьде бізге барлығы ұнап жатыр, бұл – біздің есімізде қалатын жаз болды (жанындағы қыздар олардың «жазда демалмаймыз



Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті



Қазақстан Республикасы  
Атырау қаласы  
Студенттер даңғылы, 212

Қ.Қуатова – редактор  
П.Тулин – дизайнер-бет құрушы  
А. Ғинаятұлы – фотограф  
«Университет» газетінің меншікті тілшілері:  
Ә.Кенжетай

Редакция:

Н.Жаңбырбай  
А.Өтемісқызы  
А.Сәлімгерейқызы  
Электрондық пошта – media@asu.edu.kz

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, #707 куәлік берілген 04.02.2002 жыл Газеттің жылына 10 нөмір шығады.

Газет «Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Тапсырыс #1798 Баспаның мекен-жайы: Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А үй

Таралымы 1000 дана